

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы Кофи Аннанның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2002 жылғы 16 қазан N 160-Ә

Қазақстан Республикасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі - БҮҮ) арасындағы ынтымақтастықты нығайту және 2002 жылғы 17-18 қазан кезеңінде Астана қаласында БҮҮ Бас Хатшысы Кофи Аннанның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2002 жылғы 17-18 қазан кезеңінде Астана қаласында БҮҮ-ның Бас Хатшысы Кофи Аннанның Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша):

қосымшаға сәйкес БҮҮ Хатшылығы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және көлікпен қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қа б ы л д а с ы н ;

2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізу шығыстарын қаржыландыруды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) БҮҮ Хатшылығы ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын жерлеріндегі қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, БҮҮ Бас Хатшысының арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, оның Астана қаласы әуежайында қонуы мен ұшып шығуын;

арнайы ұшаққа Астана қаласының әуежайында техникалық қызмет көрсетілуін, тұрағын және жанар май құйылуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарында сапардың жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі БҰҰ Хатшылығының ресми делегациясын күтіп алу мен шығарып салу, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Осы әкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан

Республикасы

Премьер-Министрінің

2002

жылғы

16

қазандады

N 160

әкімінен

қосымша

БҰҰ Хатшылығы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және көлікпен қызмет көрсету жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру шаралары

1. Астана қаласында "Окан-Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйінде БҰҰ Хатшылығы ресми делегациясының мүшелерін (1+1+15) және бірге жүретін адамдарды орналастыру, тамақтандыру және көлікпен қызмет көрсету.

2. "Окан-Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйінде Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін орналастыру.

3. 2002 жылғы 17-18 қазанда сапарды өткізуге жұмылдырылған адамдар үшін ұтқыр байланыс құралдарын (5 дана) жалға алу.

4. Баспа өнімдерін дайындау (бейдждер, көліктерге арналған арнайы рұқсатнамалар, кюверткалар).

5. БҰҰ Хатшылығының делегациясына сыйлықтар мен кәдесыйларды белгіленген тәртіппен сатып алу.

6. Астана қаласының әуе жайында БҰҰ Хатшылығының ресми делегациясын күтіп алу мен шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

7. Астана қаласының әуежайында БҰҰ Хатшылығы ресми делегациясын күтіп алу мен шығарып салу рәсімдерін техникалық безендіру (VIP залы, сусындар, шай, жалаулар, Астана қаласының әуежайында және делегацияның жүретін бағыттарында қазақ және ағылшын тілдерінде қарсы алу транспаранттары).

8. БҰҰ Бас Хатшысының Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында күтіп алуды ұйымдастыру (құрметті қарауыл, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранын орындау).

9. Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында баспасөз конференциясын ұйымдастыру.

10. БҮҮ Бас Хатшысының Қазақстан Республикасы Парламентінің басшылығымен (Парламент ғимараты) және Қазақстан халықтары Ассамблеясы Кенесімен (ҚР СІМ ғимараты) кездесулерін ұйымдастыру.

11. Астана қаласында БҮҮ Бас Хатшысы Кофи Аннан мен зыйыбының құрметіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев пен зыйыбының атынан ресми түскі қонақасы ұйымдастыру.

12. БҮҮ Хатшылығы ресми делегациясының мүшелері мен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК